

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қыркүйектегі N 893 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12 N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.12.2014 № 1315 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 45-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті туралы ережеде:

11-тармақтың 2) тармақшасында ", сондай-ақ экспорттық және импорттық операциялар туралы шешімдерді келіседі" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*